

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана, Алматы және Шымкент қалалары, облыстар бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Төрағасының 2018 жылғы 12 қарашадағы № 506 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана, Алматы және Шымкент қалалары, облыстар бойынша мемлекеттік кірістер департаменттерінің және олардың аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 522 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

225-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"225-1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ережесі осы бұйрыққа 225-1-қосымшаға сәйкес;"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті туралы ережесінде:

20-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің жұмыскерлерін және қызметкерлерін;

Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысын қоспағанда, аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;

кеден бекеттерінің басшыларын және олардың орынбасарларын;

"кедендік ресімдеу орталығы" кеден бекеттері – басқармаларының басшыларын;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармалары орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті туралы ережесінде:

20-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің жұмыскерлерін және қызметкерлерін;

Түркістан қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысын қоспағанда, аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармаларының басшыларын;

кеден бекеттерінің басшыларын және олардың орынбасарларын;

"кедендік ресімдеу орталығы" кеден бекеттері – басқармаларының басшыларын;

аудандар, қалалар, қалалардағы аудандар бойынша және арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы мемлекеттік кірістер басқармалары орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;"

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті туралы ережесінде:

Департаменттің аумақтық органдар – мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ережесінде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы туралы ереже";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және

уақтылы түсуін қамтамасыз ету, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстау, аудару жөніндегі функцияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілетті аумақтық органы болып табылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Басқарманың заңды мекен-жайы: пошталық индексі 010009, Қазақстан, Ақмола облысы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Бейімбет Майлин көшесі, 37 ғимарат.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Заң басқармасы (О.А. Әбдірахманов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) бұйрықты қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Комитеттің Қызылорда (С.Ж. Мұстафаев) және Түркістан (Ә.Б. Тілегенов) облыстары бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттері және Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Байқоңыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы (А.Ж. Дүйсенов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың іске асырылуы үшін қажетті шараларды қабылдасын.

4. Комитеттің Ішкі әкімшілендіру департаменті Ұйымдастыру басқармасы (І.С. Сейдахметов) осы бұйрықты мүдделі аумақтық органдардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы

М. Сұлтанғазиев